

Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 55 -1 "2020-2022 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2020 жылғы 6 мамырдағы № 60-2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 11 мамырда № 6293 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106, 109-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының "2020-2022 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының бюджетін бекіту туралы" 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 55-1 шешіміне (2019 жылғы 31 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5760 болып тіркелді) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған аудандық бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 12 510 439,1 мың теңге;

салықтық түсімдер – 1 168 743 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 26 892,6 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 42 300 мың теңге;

трансферттер түсімі – 11 272 503,5 мың теңге;

2) шығындар – 13 264 129,1 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 81 539 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 127 248 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 45 709 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – - 4 513,4 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 4 513,4 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 830 715,6 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 830 715,6 мың теңге:

қарыздар түсімі – 731 873,6 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 45 709 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 144 551 мың теңге.";

8-тармақ келесі мазмұндағы 22), 23), 24), 25), 26), 27), 28), 29), 30), 31), 32), 33), 34) тармақшаларымен толықтырылсын:

22) "Ауыл-ел бесігі" жобасы аясында ауылдық елді мекендерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша шараларды жүзеге асыру мақсатында Новоишим ауылындағы кентішілік жолдарын орташа жөндеуге;

23) Нежинка ауылындағы орта мектептің күрделі жөндеуге;

24) Бірлік ауылындағы санация әдісімен су құбырының тарату желілерін ағымдағы жөндеуге;

25) Новоишим ауылындағы санация әдісімен су құбырының тарату желілерін ағымдағы жөндеуге;

26) Привольный ауылындағы санация әдісімен су құбырының тарату желілерін ағымдағы жөндеуге;

27) Червонный ауылындағы санация әдісімен су құбырының тарату желілерін ағымдағы жөндеуге;

28) Ковыльное ауылындағы санация әдісімен су құбырының тарату желілерін ағымдағы жөндеуге;

29) Сивковка ауылындағы санация әдісімен су құбырының тарату желілерін ағымдағы жөндеуге;

30) Ялты ауылындағы сумен жабдықтаудың таратушы желілерін ағымдағы жөндеуге;

31) Шөптікөл ауылындағы сумен жабдықтаудың таратушы желілерін ағымдағы жөндеуге;

32) Чистопол ауылындағы кентішілік жолдарды орташа жөндеуге;

33) Рузаевка ауылындағы кентішілік жолдарды орташа жөндеуге.";

34) қоғамдық жұмыстар.";

9-тармақ келесі мазмұндағы 42), 43) тармақшаларымен толықтырылсын:

"42) спорт ұйымдары қызметшілерінің еңбек ақысын арттыруға;

43) "Возвышенка ауылына кіреберіс" аудандық маңызы бар автокөлік жолының 0-9 шақырым КТМС-242 орташа жөндеуге.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихатының сессиясының төрағасы*

Н.Синдякина

*Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихатының хатшысы*

Е.Адилбеков

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов

атындағы ауданы мәслихаты 2020 жылғы 6
мамыры № 60-2 шешіміне қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов
атындағы ауданы мәслихатының 2019 жылғы 25
желтоқсандағы № 55-1 шешіміне 1-қосымша

2020 жылға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының бюджеті

Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сом (мың теңге)
			1. Кірістер	1 2 510 439,1
1			Салықтық түсімдер	1 168 743
	03		Әлеуметтік салық	570 565
		1	Әлеуметтік салық	570 565
	04		Меншікке салынатын салықтар	282 921
		1	Мүлікке салынатын салықтар	271 015
		5	Бірыңғай жер салығы	1 1 906
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	307 257
		2	Акциздер	5 553
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	270 713
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	3 0 991
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	8 000
		1	Мемлекеттік баж	8 000
2			Салықтық емес түсімдер	2 6 892,6
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	53
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	53
	02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	2 200

		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	2 200
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	900
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	900
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	2 3 739,6
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2 3 739,6
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	4 2 300
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	4 2 300
		1	Жерді сату	4 2 300
4			Трансферттердің түсімдері	1 1 272 503,5
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	2 0 000
		3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттерінен трансферттер	2 0 000
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1 1 252 503,5
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	1 1 252 503,5
Функцио-налдық топ	Бюджеттік бағдарла-малардың әкімшісі	Бағдар-лама	Атауы	Сома (мың теңге)
			2. Шығындар	1 3 264 129,1

1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 876 776,5
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	1 8 909
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 8 909
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	176 631
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	133 631
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 600
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	4 1 400
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 565
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1 165
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	400
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 639 639,5
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 2 683
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 4 000
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 602 956,5
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	4 0 032
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4 0 032
2			Қорғаныс	7 8 727
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	1 5 297

		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	1 5 297
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	6 3 430
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	6 3 030
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	400
3			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	6 958
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	6 958
		021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	6 958
4			Білім беру	5 840 170
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	294 332
		009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	294 332
	472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	5 414
		037	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	5 414
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	4 934 087
		003	Жалпы білім беру	4 840 578
		006	Балалар үшін қосымша білім беру	9 3 509
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	129 601
		017	Балалар мен жасөспірімдерге спорттан қосымша білім беру	129 601
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	476 736
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 0 004
		005	Ауданның (областық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін	

			оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	7 6 562
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	1 6 353
		022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	392
		023	Әдістемелік жұмыс	2 1 043
		029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа	2 7 668
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	314 714
6			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	727 264,4
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	6 5 012
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	6 4 012
		057	Атаулы мемлекеттік әлеуметтік көмек алушылар болып табылатын жеке тұлғаларды телевизиялық абоненттік жалғамалармен қамтамасыз ету	1000
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2 2 356
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	1 8 805
		031	Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорынсыз қалған, отбасылық үлгідегі балалар үйлері мен асыраушы отбасыларындағы балаларды мемлекеттік қолдау	3 551
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	445 920,3
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	215 933
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	1 011
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	3 2 425,3
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	973

		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	138 088
		017	Оналтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметін ұсыну	6 250
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	5 1 240
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	4 5 686
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтікбағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 7 174
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	588
		050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	1 7 924
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	148 290,1
		088	Жұмыспен қамтудың жол картасы шеңберіндегі іс-шараларды қаржыландыру үшін аудандық маңызы бар қала, ауыл, қала, ауыл бюджеттеріне несие беру	148 290,1
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2 036 856,3
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	7 0 761,8
		024	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	7 0 761,8
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2 000
		003	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	2 000
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	404 052

		026	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	404 052
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	44 638
		009	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	44 638
	472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	926 455,5
		003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	363 632,5
		004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	146 493
		007	Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту	42 499
		098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	373 831
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	588 949
		028	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	8 810
		058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	580 139
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	505 510
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	163 507
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	163 507
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	25 326
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 292
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	8 323
		007	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	6 711
	472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	158 470

		008	Спорт объектілерін дамыту	158 470
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	107 601
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	106 312
		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	1 289
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	1 2 882
		002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	1 2 882
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	1 1 432
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 1 432
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	2 6 292
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 5 690
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	1 0 452
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	150
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	111 792
	462		Ауданның(облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	2 9 086
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 9 086
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	4 0 764
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 0 878
		006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	410
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	2 000
		008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	2 000

		010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	2 500
		011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	1 2 976
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	1 3 343
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 3 343
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	2 8 599
		099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	2 8 599
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	1 7 705
	472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	1 7 705
		001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 7 705
12			Көлік және коммуникация	1 789 074
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 351 948
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3 9 531
		051	Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	1 312 417
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	437 126
		037	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	7 000
		045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	430 126
13			Басқалар	8 1 390
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	1 3 606
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 3 606

	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	67 784
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	67 784
14			Борышқа қызмет көрсету	53
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	53
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	53
15			Трансферттер	191 852,9
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	191 852,9
		006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	1 645,9
		038	Субвенциялар	154 464
		054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	35 743
			3. Таза бюджеттік кредиттер	81 539
			Бюджеттік кредиттер	127 248
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	127 248
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	127 248
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	127 248
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сома (мың теңге)
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	45 709
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	45 709
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	45 709
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	- 4 513,4

6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	4 513,4
	01		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	4 513,4
		1	Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	4 513,4
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-830 715,6
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	830 715,6
7			Қарыздар түсімдері	731 873,6
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	731 873,6
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	731 873,6
Функцио-налдық топ	Бюджеттік бағдарла-малардың әкімшісі	Бағдар-лама	Атауы	Сома (мың теңге)
16			Қарыздарды өтеу	45 709
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	45 709
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	45 709
Функцио-налдық топ	Бюджеттік бағдарла-малардың әкімшісі	Бағдар-лама	Атауы	Сома (сома теңге)
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	144 551
	01		Бюджет қаражатының қалдықтары	144 551
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	144 551